

**6D011300-«Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Турсыматова Оразкуль
Исаевнаның «Жоғары оқу орындарында студент-биологтарды дайындауда
биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың
ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшінің**

ШКІРІ

Турсыматова Оразкуль Исаевнаның диссертациялық зерттеуі жоғары мектепте биологияны оқыту әдістемесі мен практикасы саласында өзекті болып табылады. Жүргізілген зерттеулердің өзектілігі айқын, өйткені биология курсына биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін әзірлеу университеттегі оқу процесін тиімді ұйымдастырудың ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда биология студенттерінде биофизикалық ұғымдардың қалыптасуы жоғары мектептің нақты белгіленген мәселелерінің бірі болып келеді.

Турсыматова Оразкуль Исаевна диссертациялық жұмыс барысында өзін білім беру процесін ұйымдастырудың әдіснамасын - жетік меңгерген қалыптасқан педагог-зерттеуші ретінде көрсетті. О. И. Турсыматованың ғылыми зерттеулері оқытушылық қызмет барысында жүргізілгенін атап өткен жөн. Маңыздылығы бойынша биофизикалық ұғымдар күрделі, көп элементті және басқа пәндермен байланысты, сондықтан олардың қалыптасуы жаратылыстану ғылымдары, соның ішінде биология және физика бойынша тірек білімдерінің негізінде дәйекті, жүйелі түрде жүзеге асырылады.

Диссертациялық жұмыс барысында докторант психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге талдау жүргізді, зерттеудің мақсаттары мен міндеттері белгіленді, зерттеудің теориялық негіздері анықталды. Биофизикалық ұғымдарды қалыптастыру мәселесін теориялық және әдіснамалық зерттеу докторант тарапынан анықталған қайшылықтарды шешуге жеке педагогикалық және әдістемелік үлес қосуды талап етті, бұл зерттеудің өзектілігін анықтады.

Әдістемелік негізді әзірлеу мақсатында "Биология" мамандығының студенттерінде биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін зерттеу мәселелері бойынша зерттеулер жүргізе отырып, отандық және шетелдік ғалымдардың көптеген жұмыстарын зерттеді.

Қойылған мақсат пен міндеттерді шешу барысында О. И. Турсыматова студенттерді оқыту курсына биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың құрылымы мен негізгі ғылыми-педагогикалық аспектілерін нақты белгіледі.

Диссертациялық зерттеу аясында биолог- студенттерінде биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасады. Биофизикалық ұғымдар және алынған нәтижелер дәлелденген оқу процесіне енгізу ерекшеліктері арқылы білім алушылардың биологиялық білімі мен дағдыларын қалыптастырудың әзірленген әдістемесі ерекше маңызға ие.

Диссертациялық зерттеу барысында Оразкуль Исаевна өзін жоғары білікті педагог және ғалым ретінде көрсетті. Зерттеу барысында диссертация «Биология» мамандығы студенттерінің "Биофизика" пәніне деген қызығушылығын арттыра алғанын, бұл социологиялық зерттеулер жүргізу кезінде анықталғанын атап өткен жөн. Үлкен жауапкершілік, адалдық пен кәсібилік диссертант О. И. Турсыматоваға қойылған міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік берді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы мынада:

-тірі материяның әртүрлі деңгейлеріндегі физикалық және физика-химиялық механизмдердің өзара әрекеттесуінен туындайтын биофизикалық ұғымдар іріктеліп, теориялық тұрғыдан негізделген;

-биология студенттерінде биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері жасалды;

- "Биофизика" элективті пәні ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы биофизикалық мазмұнның теориялық білімін бекіту үшін тапсырмалар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған тест сұрақтары, шығармашылық және зерттеу жұмыстарына арналған зертханалық-практикалық жұмыстар дайындалғандығымен анықталады. Сондай-ақ оқу процесіне "Биофизика" элективті курсының жұмыс оқу бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешені әзірленіп, енгізілді.

Жүргізілген диссертациялық зерттеудің өзіндік жаңалығы, практикалық маңызы бар, алынған нәтижелер ғылыми негізделген және эксперименталды түрде сенімді толық аяқталған жұмыс деп айта аламын.

Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім Министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus дерекқор базасында еңбектер жарияланды, сондай-ақ олар халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларда ұсынылды. Сонымен қатар, нәтижелер Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінде тағылымдамадан өту кезінде талқыланды шетелдік кеңесші С.В. Суматохинмен бірге талқыланды. Турсыматова Оразкуль Исаевнаның «Жоғары оқу орындарында студент-биологтарды дайындауда биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың

ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында орындалған диссертацияның дербестігі айқындалып, ғылыми жаңалығы және практикалық құндылығы жоғары жұмыс. Докторант О.И.Турсыматова диссертациялық жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513-Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деген пікір білдіремін.

Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті,
б.ғ.д., профессор



С.Ж. Ибадуллаева

